

**«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Бекітемін**

**«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК  
менгерушісі: А.Мырзағалиева**



**2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
Ересек тобы**

**2023 - 2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай – балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы қыркүйек айы

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>ҚЫРКҮЙЕК</b>	<b>Денешынықтыру</b>	балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	<b>Қазақ тілі</b>	балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
	<b>Математика негіздері</b>	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.

	Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету
<b>Қоршаған ортаментаныстыру</b>	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.
<b>Құрастыру</b>	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Сурет салу</b>	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.
<b>Мүсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру
<b>Жапсыру</b>	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.
<b>Музыка</b>	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай –балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы қазан айы

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>ҚАЗАН</b>	<b>Денешынықтыру</b>	Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету
	<b>Көркем-әдебиет</b>	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
	<b>Қазақ тілі</b>	Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.
	<b>Математика негіздері</b>	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.
	<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында

	міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.
<b>Сурет салу</b>	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша беру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Мүсіндеу</b>	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
<b>Музыка</b>	Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай – балабақшасы

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ҚАРАША</b>	<b>Денешынықтыру</b>	Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау дағдыларын дамыту. дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Өзі зерттеген заттарды, суреттерді сипаттайды; бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады; шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады; бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылайды; ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды; құстардың алуан түрлілігімен танысу, құстарды басқа жануарлар топтарынан ажырата білу үшін құстардың маңызды және ерекше белгілерін көрсету.
	<b>Көркемәдебиет</b>	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу
	<b>Қазақ тілі</b>	Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.
	<b>Математика негіздері</b>	көлемінде санау, сандарды ретімен атауды; теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды; екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады; шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану дағдысын дамыту; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратып, геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді; тәулік бөліктерін ажыратып, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін үйрету.
	<b>Қоршаған орта ментаныстыру</b>	Табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді; ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады; жабайы аңдарды, олардың сыртқы

	түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі; өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі
<b>Құрастыру</b>	Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Сурет салу</b>	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
<b>Мүсіндеу</b>	Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
<b>Жапсыру</b>	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
<b>Музыка</b>	Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауды, марш сипатын ырғақты жүру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, музыканың ырғағымен жүре отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, әнді созып, сөздерін анық айту, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай – балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ЖЕЛТОҚСАН</b>	<b>Денешынықтыру</b>	50см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп жүруге, сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. (сызықтардың арақашықтығы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүре отырып, кішкене қапшықты төбесіне қойып журуге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау арқылы иық, қол – аяқ бұлшық еттерін дамыту. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай білу дағдысын дамыту. Салауатты өмір салты жайлы қолданыстағы идеяларды бекіту. Күн режимін сақтау үшін өзін соған баулу үшін, дәйекті гигиеналық іс-шараларды орындау.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын меңгереді. Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініктерін кеңейту. Берілген сұрақтың нақты жауабын тауып, айту.
	<b>Көркемәдебиет</b>	Сөйлеммен затты сипаттай білуде дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір - бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуде дағдыларын жетілдіру.
	<b>Қазақ тілі</b>	Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануда, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алуда дағдыларын, артикуляциялық аппаратты дамыту. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, затты сипаттай білуде дағдыларын сөйлем құруда дағдыларын жетілдіру.
	<b>Математика негіздері</b>	Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуге үйрету; көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді, қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында); көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.
	<b>Қоршаған орта мен таныстыру</b>	Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасын дұрыс қалыптастыру. Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

<b>Құрастыру</b>	Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту. Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып құрастыру.
<b>Сурет салу</b>	Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру. Пластилинография дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескере отырып, жапсыру.
<b>Музыка</b>	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай –балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ҚАҢТАР</b>	<b>Денешынықтыру</b>	Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеуді, еңкіс тақтай үстімен жүре алады. Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасап жүреді. Орындық астымен еңбектеп өту. 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату қимылдарын біледі. Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүре алады. Денсаулық, тазалық, дәрумен, дұрыс тамақтану, салауатты өмір, спорт туралы мәлімет алады.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін ажырата біледі. Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсінеді. Оларды атай алады, қамқорлық жасау керектігін біледі. Көліктерді ажырата білуге, не үшін керек екендігі туралы түсінеді.
	<b>Көркемәдебиет</b>	Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын меңгереді. Жолда жүру ережесін сақтауды, мейірімділікті, ұқыптылықты, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуді, құрметтеуді түсінеді. Өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйренеді.
	<b>Қазақ тілі</b>	Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініктерді, берілген сұрақтарға жауап бере алады. Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыруды біледі. Қысқа байланысты тақпақ, сұраққа жауап айта алады.
	<b>Математика негіздері</b>	Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы түсініп «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра біледі.
	<b>Қоршаған орта мен таныстыру</b>	Балалар табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінеді, балалар өлі және тірі табиғат жөнінде түсінеді. Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай біледі.
	<b>Құрастыру</b>	Балалар қалдық материалдан бұйым жасауды үйренеді. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамиды.

<b>Сурет салу</b>	Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру. Пластилинография дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын біледі. Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолданады.
<b>Музыка</b>	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай – балабақшасы

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>АҚПАН</b>	<b>Денешынықтыру</b>	Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау; балалардың тұрмыстық заттар, ыдыс түрлері туралы жалпылама түсініктерін кеңейту; ыдыстарды құрайтын бөлшектер туралы, олардың жасалатын материалдары туралы айту.
	<b>Көркем-әдебиет</b>	Дыбыстар мен сөз түрлерін қайталай отырып, сөйлем туралы түсінеді. Берілген сөзді қатыстырып, көрсетілген сызбаға сәйкес келетін сөйлем құрауға дағдыландыру. Жоспар бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыруға үйрету. Сөйлемдерді дұрыс құрастыру. Сұрақтарға толық жауап беру. Есте сақтау, зейін, ұсақ моториканы дамыту. Тақырып бойынша шағын әңгімелерін мұқият тыңдай білуге, мақал-мәтел, жұмбақтарды шеше білуге тәрбиелеу. Балаларға ыдыстарды жіктеу қабілеттерін дамыту, белсенді сөйлеуде заттардың атын қолдана білуге үйрету. Ең қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрену.
	<b>Қазақ тілі</b>	сөздік қорларын жаңасөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Балалардың ыдыстарды мақсатына қарай (ас үй, шай, асхана) жіктей білуін қалыптастыру; ыдыс-аяқ, олардың мақсаты және жасалған материал туралы түсініктерін кеңейту.

<b>Математика негіздері</b>	Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. заттарды қалыңдығы бойынша салыстыруды үйрену. Көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге, логикалық тапсырмаларды ынтамен орындау.
<b>Қоршаған ортаментаныстыру</b>	Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. - адамдар еңбегі, олар жасаған дүниенің объектілері туралы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; - балаларға тұрмыстық заттардың, ыдыс-аяқтың мақсатын анықтауға, ыдыс атауларын бекітуге және нақтылауға үйрету; «Бақылау» ұғымын түсіне отырып, жанды табиғат, оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлерін түсіндіру.
<b>Құрастыру</b>	Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастырып құрастыруды жалғастыру.
<b>Сурет салу</b>	Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе отырып, бояу түсін таңдап, сурет салу. Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) дәстүрден тыс сурет салудың техникасын меңгереді.
<b>Мүсіндеу</b>	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу. ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді ыдыстарды, заттарды мүсіндеу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
<b>Жапсыру</b>	Берілген заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды безендіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, міндеттерді келісіп атқару. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
<b>Музыка</b>	Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай – балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы наурыз айы

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>НАУРЫЗ</b>	<b>Денешынықтыру</b>	Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуді, жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау дағдыларын жетілдіру. Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру, гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп, бір орнында баяу айналу дағдыларын, кеглилер арасымен допты көтеріп жүру, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді игереді. Балалар дене мүшелер туралы, оларды күтіп, таза ұстау туралы түсінеді. Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауға үйренеді.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіне отырып, қар ериді, ағаштың бүршік жаруы жайында түсініктер қалыптастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шағын әңгімелер құрастырып, ойында әдеби бейнелерді қолдану. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалар табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінеді, балалар өлі және тірі табиғат жөнінде түсінеді. Жыл құстарын танып дұрыс атау, жаңылтпаштар, тақпақтар айтуға үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

<b>Қазақ тілі</b>	Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тәңдыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.
<b>Математика негіздері</b>	Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа алға, артқа. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.
<b>Қоршаған орта мен таныстыру</b>	Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіне отырып, қар ериді, ағаштың бүршік жаруы жайында түсініктері кеңейеді. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді біледі. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
<b>Құрастыру</b>	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
<b>Сурет салу</b>	Балалар сәндік-қолданбалы өнер мен қазақтың ұлттық бұйымдары туралы біледі. Сурет салуда ұлттық ою-өрнек элементтерін қолдана алады. Қазақтың ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіте отырып, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлейді, бейнелеу кезінде шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.
<b>Мүсіндеу</b>	Ұлттық киімнің көптүрлілігі туралы түсініктерді біледі. Киімді өрнектеу, әшекейлеу икемділігі дамиды. Халық шеберлерінің еңбегі туралы біледі. Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша мүсіндей алады.
<b>Жапсыру</b>	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру,
<b>Музыка</b>	Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылғаніс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы**МКҚК «Жолшы» бөбекжай –балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылғаніс-әрекет	Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері
СӘУІР	Денешынықтыру	Шектелген кеңістікте жүріп өту,жінішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдылары жетіледі. Допты кеуде тұсынан лақтыру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту
	Сөйлеудідамыту	Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі;Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы түсінеді. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсіне отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлерін білу.

<b>Көркемәдебиет</b>	Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсіне отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлерін таныстыру.
<b>Қазақ тілі</b>	Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айту. Ертегілердің мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.
<b>Математика негіздері</b>	Сандық және реттік санауды ажырата біледі. «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру. Геометриялық пішіндерді атау, логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шеше алады. Заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру, бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру. Кеңістікті бағдарлау қабілеттері дамиды. Қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды анықтау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Адамдардың көктемгі еңбегімен танысып, көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай алады, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйренеді. Жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктерді біледі. Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы, өлі және тірі табиғат жөнінде түсіндіру.
<b>Құрастыру</b>	Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Балаларды аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен таныстыру, зымыран туралы түсіндіре отырып, геометриялық пішіндерден зымырандар және құстарға қамқорлық ретінде ұя құрастыруға үйрету.
<b>Сурет салу</b>	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын меңгеру.
<b>Мүсіндеу</b>	Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Жәндіктерді өзіне тән белгілерімен таныса отырып, әдемі мүсіндей алады. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
<b>Жапсыру</b>	Түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасау, бейнелерді қиып ала отырып, жапсыру икемділіктерін дамыту. Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылық тәрбиелеу.
<b>Музыка</b>	Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Жолшы» бөбекжай – балабақшасы»

**Топ:** «Еркетай» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	<b>Денешынықтыру</b>	<p>Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру, ұзындықтан секіріп өтуді түсінеді Жазықтық бойымен жүру, алға жылжи отырып секіру, әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру. Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге дағдыларын бекіту. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүреді, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Сезім мүшелері туралы, олардың құрылысын, атқаратын қызметін, ағзадағы маңызын іс жүзінде көре отырып, түсінуге баулу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Балалар жаз мезгілінің кереметтерін түсіне отырып, жаз мезгілі туралы өз ойын айту. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру. Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айту. Балалардың жыл бойы алған білімдерін толықтап, сөйлем құрау.</p> <p>Балаларға достық қарым-қатынас, туған жер, Отан туралы турал, өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу..</p>
	<b>Көркем-әдебиет</b>	<p>Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін біледі. Жаз мезгілін дегі маусымдық өзгерістерін, айырмашылықтарын ажырата біледі. Табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізуді үйренеді. Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру, өлеңді жатқа айта айту. Өлеңнің ұйқасын, ырғағын, қуанышты сүйсінуді</p>

	біледі. Отан қорғаушылар күні мерекесінің мәнін түсінеді.
<b>Қазақ тілі</b>	сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білудегі дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.
<b>Математика негіздері</b>	Заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды, дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялы фигуралар туралы өткенді бекіту. тәулік бөліктерін ажыратып, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін үйрету. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына толық жауап беруді бекіту.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балалардың табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балалар жыл мезгілдері туралы түсініп, ажырата білуге үйрету. Жыл мезгілдерінің бір-бірінен ерекшеліктері жөнінде түсініктері дамиды.
<b>Құрастыру</b>	Балалардың қалдық материалдардан бұйым жасауға, бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдаланудағы дағдыларын дамыту. Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру.
<b>Сурет салу</b>	Өз ойлары бойынша сурет салу, композиция құрастыру. көлемді пішіндерді безендіруді біледі. Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасы дұрыс қалыптастыру.
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
<b>Жапсыру</b>	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
<b>Музыка</b>	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.